


Жалпы тактика



3-тақырып. Кәзіргі заманғы жалпыәскери ұрыс негіздері

Сабак : 1. Қазіргі заманғы жалпыәскери ұрыс негіздері. Қазіргі заманғы жалпыәскери ұрыстың сипаттамасы мен негізгі түрлері. Бөлімшенің күшімен атыспен маневрлеу. Жорықтық, ұрыс алдындағы және ұрыстық реті.



Сабақ сұрақтары:

1. Қазіргі заманғы жалпыәскери ұрыстың сипаттамасы мен негізгі түрлері.
2. Бөлімшенің күшімен атыспен маневрлеу.
3. Жорықтық, ұрыс алдындағы және ұрыстық реті.

Сабақтың түрі: дәрістік

Сабақ өткізу орны: Әскери кафедра аудиториясы.

Сабақ өткізу уақыты: 2 сағат. (100 мин)

Оқу - материалдық қолдау: 1. Жалпы тактика, Жоғары кәсіби білім беру ұйымдарындағы әскери дайындық

2. Силлабус бойынша әдебиет.

3. Оқу-әдістемелік құжаттама: а) Оқу-әдістемелік пәннің кешені; б) Сабақ жүргізу үшін презентация; в) Оқу сабақтары мен тәрбие жұмысын есепке алу журналы.

4. ТСО: видеопроектор, компьютер, лазерлі көрсеткіш.

5. Өткізу әдісі: Әңгіме, түсіндіру.

1 оқу сұрақ:

Қазіргі заманғы жалпыәскери ұрыстың сипаттамасы мен негізгі түрлері.

Тактика – ұрысты жүргізу туралы ғылым. Ол Қарулы Күштердің, әскер түрлерінің барлық бөлімшелері мен бөлімдерінің ұрысты дайындауы, ұйымдастыруы және жүргізуінің теориясы мен практикасын қамтиды.

Тактика

- бөлімше мен бөлім жауынгерлерінен жоғары ұрыстық дағдыны,
- жеке қаруды, сондай-ақ бөлімдер мен бөлімшелердің қару-жарағы мен әскери техникасын толық ұрыстық қолдану мүмкіндіктерін,
- маневрлі ұрыс жүргізуін талап етеді.

Тактика дұрыстығының өлшемі – ұрыста жеңіске жету болып саналады.

Бөлімдер мен бөлімше жауынгерлері игерген тактика өнері неғұрлым жоғары болған сайын, жеңу мүмкіндігі де соғұрлым жоғары болады. Кез келген ұрыс тактикалық тәсілдерден басталады, сонымен жүргізіледі және аяқталады.

Қарулы Күштердегі тактикалық дайындықтың әскери дайындықтың барлық пәндерін біріктіретін, жауынгерлерді оқытудың маңызды пәні болып есептеледі.

Тактиканы терең білу, ұрыста әрекет ете білу мен өз қаруы мен техникасын дұрыс қолдана білу – жауынгерлердің күшті қарсыластарды да жеңеуі мүмкіндік береді.

Заманауи ұрыс - әскерлердің тактикалық әрекеттерінің негізгі түрі және мақсаты, қарсыласты жою (талқандау), соққыларды тойтару және басқа да міндеттерін белгілі бір ауданда қысқа уақыт ішінде орындау мақсатында орны және уақыты бойынша келісімделген соққыларды, атысты және маневрді құрайды.

Қарсыласты талқандауға және ұрыста жеңіске жетуге

- қарудың барлық түрлерімен қуатты соққылау,
- онда қатысатын әскерлердің белсенді және батыл әрекеттері,
- жеке құрамның моральдық және дене күштерін шектік күшейтудің арқасында қол жеткізіледі.

Жалпыәскери ұрыстың мәні:

- Қарсыласты атыспен зақымдау
- Қорғаныс ошақтарында жою
- Шабуылға резервті енгізу немесе қорғанысқа алынған бекіністерін мықты ұстап тұрумен, шабуылдаушы қарсыласты атыспен зақымдау

Заманауи жалпыәскери ұрыс талаптары:

- Жауынгерлік және арнайы техниканы шебер қолдану
- Жоғарғы жылдамдықты және ұйымдастырушылықты
- Моральдық және дене күштерін барынша күшейтуді
- Жеңіске деген қайтпас жігерді
- Темір тәртіп және жауынгерлік ынтымастықты

Заманауи жалпыәскери ұрыс талаптары қол жеткізу үшін

- Жоғарғы жауынгерлік дағды
- Өз әскери борышын саналы атқару
- Жеке құрамның батылдығы, қажырлығы, ерлігі және кез-келген жағдайда жауды толық жеңуге қол жеткізуге деген әзірлігі
- Бастықтардың өз бағыныстыларын білуі, олармен жеке әңгімелесуі, олардың күнделікті жауынгерлік өмірі мен мұқтаждарына назар аудару мен оларға жоғарғы талап қоюшылық, отанға адалдықты тәрбиелеу.

Қазіргі жалпы әскерлік ұрыс жүргізудің негізгі принциптері болып табылатын:

- құрамалардың, бөлімдердің және бөлімшелердің әр уақыттағы жоғарғы әскери дайындығы;
- жоғарғы белсенділік, шешімділік және үздіксіз ұрыс жүргізу;
- кенеттен әрекет ету;
- келіскен, бірлескен түрде әскерлердің әр түрін және арнаулы әскерлерді ұрыста қолдану, олардың өзара үздіксіз әрекетін ұстау;
- шешімді түрде әскердің негізгі күшін басты бағытта және керек уақытта топтастыру;
- бөлім, бөлімшелермен және атыспен маневр жасау;
- жан-жақты есепке алу және моральдық саяси психологиялық факторды әскери тапсырманы орындау мүддесінде қолдану;
- ұрысты жан - жақты қамтамасыз ету;
- әскерлердің жауынгерлік қабілетін уақытында қалпына келтіру және қолдау;
- қатаң және үздіксіз әскерлерді басқару, белгіленген мақсаттардың жетістігінен бас тарту, қабылданған шешімдерді және тапсырмаларды орындау.

Жалпы әскерлік ұрыс жүргізудің түрлері және оның қысқаша мінездемесі.

Ұрыс жүргізу әрекеттерінің көп түрлілігіне қарамастан, оларды негізгі және бірден байқалатын белгілеріне қарай *шабуыл* және *қорғанысқа* бөлінеді.

Шабуыл әскерлердің жауынгерлік әрекетінің негізгі түрі ретінде қарсыластарды жеңу нәтижесінде шешуші мәнге ие болады. Шабуыл күні, түні үздіксіз жүргізіледі.

Жағдайға және қойылған тапсырмаларға байланысты, шабуыл қорғанушы, шабуылдаушы немесе *шегінуші* қарсыласқа жүргізілуі мүмкін.

- **Қорғанушы қарсыласқа** шабуыл жасау бірден жүргізіледі, немесе онымен түйісетін жағдайдан басталады.

- Шабуыл **шабуылдаушы қарсыласқа** қарсы ұрыс жүргізумен жүргізіледі.

- **Шегінуші қарсыласқа** шабуыл, оның ізімен жүргізіледі.

Қорғаныс әскери әрекеттердің түрі ретінде мынадай жағдайда ғана,

- шабуыл жасау мүмкіндігі болмағанда
- ешқандай мәні болмаса
- әскери күштермен құралдарды бір бағытта қолдануда үнемдеу қажеттігі туғанда,
- басқа мәнді шабуылда қамтамасыз етуде қолданылады.

Қорғаныс ұйымдастырылуы мүмкін.

- алдын ала дайындалып
- ұрыс барысында қарсыласпен түйісу жоқ жағдайда
- тікелей түйісіп тұрған жағдайда

Өте күрделі және жиі кездесетін тәсілдердің бірі

- жаумен бетпе-бет келгенде әскерлердің қорғанысқа көшеді,
- қарсыластардың басым күшпен жасаған қарсы шабуылын тойтару үшін,
- басып алған шептерге және аудандарға бекіну үшін,
- маңдайшептерді, шабуылдаушы топтарды қамтамасыз етуде,
- қарсы ұрыстардың нәтижесі сәтсіз болғанда қолданылады.

Қарсыласпен түйісуге келуі тыс жағдайда болғандағы қорғаныс

- басты күштердің бағыттағы ілгерілеуін шабуылға өтуге тартылуын,
- шабуыл жасау қаралмаған жерде,
- шабуыл барысында екінші эшелондағы немесе резервтердің әрекет етуінде,
- теңіз жағалауындағы қауіпті кезеңде қамтамасыз ету үшін қолданылады.




Рис. 1 Карточка огня командира отделения

Жалпы әскери ұрыс

- Құрлық әскерлері құрамаларының, бөлімдері мен бөлімшелерінің,
- әскери-әуе күштерінің, әуе-десанттық әскерлердің біріккен күштерімен,
- теңіз бағытында Әскери-теңіз флоты күштерімен жүргізіледі.



1. Жаяу әскер ұрысы;



2. Әуе күштеріне қарсы ұрысы



3. Әуе ұрысы



4. Теңіз ұрысы



Жалпы әскери ұрыс неғұрлым жиі кездесетін ретінде толығырақ қарастырайық.

Құрлық әскерлерінің қазіргі заманғы шайқасы жалпы әскери шайқас болып табылады, жоғарыда айтылғандай, оған барлық әскер тектері мен арнайы әскерлердің, авиацияның бөлімшелері, бөлімдері мен құрамалары, ал теңіз жағалауындағы бағыттар мен Әскери-теңіз флотының кемелері қатысқан.



Қазіргі заманғы жалпыәскери ұрыс **ядролық қаруды** және басқа да зақымдау құралдарын қолдану жағдайында да, сондай-ақ қарапайым қаруды қолдану арқылы да жүргізілуі мүмкін.



2 оқу сұрақ:

Бөлімшенің күшімен атыспен маневрлеу.

Ұрыс кезінде маневр кеңінен қолданылады.

Маневр - әскерлердің ұйымдасқан қозғалысы немесе ұрыс қимылдарын жүргізу үшін қолайлы жағдайлар жасау мүддесінде күрес құралдарын қайта бөлу.

Қазіргі заманғы жалпыәскери ұрыста маневр жер мен Әуе бойынша осындай әрекеттер болады, бұл жауды әртүрлі бағыттардан, соның ішінде тылдан келісілген соққылармен жылдам жеңуді қамтамасыз етеді.



Ұрыс барысында әскерлердің күштері мен құралдарымен, сондай-ақ олардың отымен маневр кеңінен қолданылады.

Күштер мен құралдардың маневрі қарсыласқа қатысты тиімді жағдайға ие болу, қарсыластың ең осал жерінде атысты жүргізу немесе оған қаптал мен тылға шабуыл жасау мақсатында жүргізіледі.

Шабуылда және қарсы ұрыста бөлімшелер ашық флангтарды, аралықтарды, сондай – ақ жергілікті жердің қатпарларын пайдалана отырып, маневрдің келесі түрлерін-жауды қамту, айналып өту және өз әскерлерін шегіну орындауы тиіс.







Схема 1. Виды маневра подразделениями в бою

Қамту-жаудың қапталына шабуыл жасау үшін шығу мақсатында жүзеге асырылатын маневр.

Айналып өту-қарсыласқа тылдан соққы беру үшін шығу үшін жасалған маневрдің терең түрі.



Шегіну - бұл көбінесе өз әскерлерін қарсыластың соққысынан шығару және оған қатысты неғұрлым тиімді позицияны алу үшін қолданылатын маневр түрі. Ол тек аға командирдің рұқсатымен жүргізіледі.

Ұрыс барысында қарсыластың бөлімшелерінің қоршалуы сияқты жағдай туындауы мүмкін - жаудың Күштерінің (бірнеше бөлімшелерінің) бір бөлігін жою немесе тұтқындау мақсатында көрші және оның тылында орналасқан әскерлерден оқшаулау.



Бөлімше құрамында атыспен маневр жасау

Атыс - бұл әр түрлі қару-жарақпен жауды бір уақытта зақымдау немесе жою. Ол жауды жою, басу және оның атыс объектілерін жою міндетімен жүзеге асырылады. Атыспен маневр жасау взводтың отын бір маңызды нысана бойынша шоғырландырудан, отты бір нысанадан екінші нысанаға уақтылы көшіруден және бір мезгілде взводтың бірнеше нысанаға атыс жүргізуден тұрады.



3 оқу сұрақ:


Жорықтық, ұрыс алдындағы және ұрыстық реті.

Жағдайға байланысты мотоатқыштар мен танк бөлімшелері келесі тактикалық тәртіпте әрекет ете алады:

- жорық тәртібінде;
- Ұрыс алды тәртіпте;
- Ұрыстық тәртіпте.



Предбоевой порядок



Жорық тәртібі-қозғалыс үшін колонналарға бөлімшелер құру.





Жорық тәртібі қолданылады:


- Қарсыласты қудалау кезінде;
- Маневр жүргізу кезінде.



Мотоатқыштар бөлімі үшін оның жорық тәртібі — лек. Ұрыс алды тәртіп-бұл жорық пен жауынгерлік тәртіп арасындағы аралық тәртіп.







Келесі сабаққа дайындауға тапсырма:

Зерделеу:

оқулық Жоғары кәсіби білім беру
ұйымдарындағы әскери дайындық, екінші
бөлім **70-90** беттер;
оқулық "жалпы тактика" **37-42** беттер.



Назарларыңызга рахмет